

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының еліміздің дамуына қосқан үлесі

Жаңадан ашылған Торғай облысын қалыптастыру мен дамыту мақсатында оның әлеуметтік-экономикалық әлеуетін қалыптастыру, білімін, мәдениетін және ауыл шаруашылық құрылымдарын жетілдіру мақсатында, жергілікті жердің жастарын жоғары біліммен қамтамасыз етуге мүмкіндіктер туғыз үшін Арқалық педагогикалық институты ашылған болатын.

Торғай өлкесіне Қазақстанның барлық аймақтарынан, сонымен қатар Кеңес Одағының көптеген мекендерінен «Комсомолдық құрылысқа» ұраны астында әр түрлі мамандықтар саласындағы жастар тартыла бастады.

Енді ғана ашылған Арқалық педагогикалық институтына да еліміздің барлық қалаларынан, ілгері университет түлектері бағдарламалармен, тәжірибелі ғалымдар шақырылды. Сонымен қатар Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан, Балтық жағалауы елдерінен, Орта Азия университеттерінен атақты ғалымдар мен тәжірибелі ұстаздар жұмысқа тартылды. Олар институттың ірге тасын қалап, оның дамуына аянбай еңбектерін жұмсады.

Институт ұжымының алдына қойлған негізгі стратегиялық мақсат - ол Торғай өңірінің жастарын жоғары білім алуға тартып, мүмкіндігінше қолайлы жағдай жасап, алған білімдерін өмірдің әлеуметтік жағдайын

калық әлеуетінің, өндірісінің, құқұқ қорғау мен үкіметті басқару салаларының қалыптасуы мен дамуына аянбай абыройлы еңбек етті.

Түлектердің жұмысқа орналасу орындары осы өңірмен ғана шектелген жоқ, оның географиясы өте кең болды. Ол Қазақстанның барлық облыстарын, бұрынғы Кеңес Одағының көптеген мемлекеттерін және Еуропа елдерін де қамтыды. Шет елдердегі түлектер институттың тарихындағы атаулы күндерде институттан алған сапалы білімдері үшін ризашылықтарын білдіріп, құттықтау хаттарын жолдап жатаын.

Түлектердің қажырлы, абыройлы еңбектерінің арқасында Торғай өңірі гүлденіп, еліміздің ең сүйікті мекендерінің біріне айналды. Өндірісі, білімі, ғылымы, мәдениеті, әлеуметтік жағдайы артты, ауылдар көркейді, елдің болашаққа деген үміт-армандары асқақтап, келешекке деген ұмтылысы жарқын болатын.

Өкінішке орай, бұл армандар биліктің әдейі қолдан жасаған құйтырқы саясатының арқасында кенеттен күрт үзілді. Өңірге қиыншылықтың қара бұлты төнді. Сан жылдар бойы халықтың еңбегінің арқасында гүлденіп дамыған өңір быт-шыт шығып қирады, әдейі талқандалды, халықтың жағдайына қарайтын билік болмай, елді «ақ табан шұбы-

мұғалімдер жетіспей, қиындық көріп отырған мектептерге барып, сабақтар беріп, елдің әлеуметтік жағдайының тұрақтауына өз көмектерін беруде.

Айтылған мәселелерден шығатыны Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты өзінің жарты ғасырлық тарихында еліміздің дамуына өте маңызды, теңдессіз үлесін қосты және қосып келеді деп үлкен мақтанышпен айтуымызға болады.

Торғай өңірінің болашағы қазірше бұлыңғыр болып тұр. Бұл жағдай институттың болашағына да әсерін тигізуде. Институттың дамуына басшылар тарапынан тұрақты көңіл бөлініп келеді. Дегенмен институт құрылымын бұрыннан талды сындардан өткен, тәжірибелерде дәлелденген классикалық үлгіде сақтай отырып, біліктілігі жоғары оқытушылармен қамтуға, материалды базасын дамытуға, заманауи әдіс-тәсілдерді меңгеруге және қолдануға үздіксіз көңіл бөлініп отырылғаны дұрыс. Қазірге уақытта шет елге еліктеп, елдің тарихына, тіліне көңіл бөлмейтін, құрылымдары әр түрлі модада жасалынған, ешқандай тәжірибеден өтпеген, нәтижелері сенімсіз, қолдан жасалынған жоғарғы оқу орындары көп. Олардың модаларына еліктеу институттың дамуына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Еліміз сарқырап ағатын бұлақтай өзінің тарихи дамуы-

дамытуға пайдалану болатын. Осы тарихи жоғары міндетті Арқалық педагогикалық институтының түлектері толығымен аброймен орындады.

Институт кейіннен өзінің даму барысында тек өңір жастарына ғана емес Қазақстанның барлық аймақтарынан келген жастарға да сапалы жоғары білім беріп, өзінің өрісін кеңейтті. Институтта оқитын студенттердің құрамы әр түрлі халық өкілдерін құрап, достығы жарасқан бір отбасына айналды.

Институт түлектері Торғай өңірінің білімінің, ғылымының, мәдениетінің, спорт саласының, әлеуметтік-экономи-

рындыға» айландырған күндер туды. Өңірден жылу кетті, жарық сөнді. Осындай адам төзгісіз қиын сәттерде ауылдағы жауапты жұмыстардың басында осы институт түлектері жүрді. Олар елдің ауыр жағдайын сәл де болса жеңілдетуге өздерінің бар күштерін салып аянбай абыройлы еңбек етті. Мен де солардың еңбектеріне куә болып, олармен бірге жүрдім.

Қазіргі уақыттың өзінде институт түлектері мен студенттері әлі қирау үрдісі жалғасып жатқан өңірлердің мектептерінде жұмыс жасап, өз көмектерін көрсетуде. Студенттер институтта сабақ оқумен қатар

ның қарсаңында тұр. Олай болса Торғай өңірі де жайқалып, қайта гүлденіп, барлық аймақтармен терезесі тең, кемелденген өлкеге айналатыны сөзсіз. Бұдан Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты тек өңірлік ғана емес, дүниежүзіне аты мәлім, көпсалалы Ұлттық университетке айналып, ғасырдан ғасырға дами беретіні сөзсіз. Мен оған кәміл сенемін.

Әбілхан ҮМБЕТҰЛЫ,
АрқПИ профессоры, Халықаралық Ақпараттандыру академиясының академигі, Ресей жаратылыстану академиясының академигі.